

КЕЛІСІЛДІ
«Мега моторс» ЖШС
Бас директоры
Оспанов Е.К.



БЕКІТЕМІН
" Көлік және құрылыс"
институтының директоры
Абрешов Ш.А.
«28» _02_ 2025 ж.

ЖОО КОМПОНЕНТІ ПӘНДЕРІНІҢ КАТАЛОГЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B07176 Автокөлік инженериясы

Білім деңгейі: бакалавриат

Оқу мерзімі: 3 жыл

Қабылдау жылы: 2025 ж.

Цикл	Компо- нент	Пәннің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы		трим естр	Оқыт у нәтиж елері	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Пререкви зиттер	Постреквизитт ер
			Ака- демиялық сағаттарда	Ака- демиялық кредиттар да					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
НП	ЖООК	Инженерлік математика-1	150	5	1	ОН4	"Инженерлік математика 1" пәні жоғары математиканың негізгі ұғымдарын және оның қолданылуын зерттейді. Курстың бөлімдеріне сызықтық алгебра және Аналитикалық геометрия элементтері, математикалық талдауға кіріспе, бір және бірнеше айнымалылардың функциясын дифференциалды есептеу кіреді. Курстың мақсаты-белгілі бір профильдің теориялық және қолданбалы есептерін шешуге арналған математикалық аппаратты игеру, математикалық модельдеу туралы түсінік алу, инженерлік есептерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін аналитикалық және жүйелік ойлауды дамыту. Пән аясында оқытудың интерактивті әдістері және есептеу-графикалық жұмыстарды орындау қолданылады.	Математи ка бойынша негізгі мектеп білімі	Электротехни ка және электроника негіздері, Теориялық механика
НП	ЖООК	Инженерлік математика-2	150	5	2	ОН4	Білім алушыларда сабақтас жаратылыстану-ғылыми пәндерді, кәсіптік цикл пәндерін және кәсіптік қызметтегі математикалық модельдеу және зерттеу дағдыларын зерделеу үшін қажетті математикалық білім мен дағдыларды қалыптастыру. Курстың бөлімдеріне бір және бірнеше айнымалылар функциясының интегралды	Инженерлі к математик а-1	Электротехни ка және электроника негіздері, Машиналар мен

							есебі, қарапайым дифференциалдық теңдеулер, қатар теориясы кіреді. Инженерлік есептерді шешу үшін математикалық әдістерді қолдану мәселелеріне ерекше назар аударылады.		механизмдердің беріктігін есептеу негіздері
НП	ЖООК	Қолданбалы физика	150	5	2	ОН2	Іргелі заңдарды, классикалық және қазіргі физика теорияларын, сондай-ақ физикалық зерттеу, ойлау, ғылыми дүниетаным әдістерін, тәуелсіз танымдық іс-әрекетте қолдану кезінде дағдыларды қалыптастыру, компьютерлік технологияларды және әлемнің қазіргі жаратылыстану-ғылыми бейнесі туралы идеяларды қолдана отырып, физикалық жағдайларды модельдей білу.	Физика бойынша негізгі мектеп білімі	Машиналар мен механизмдердің беріктігін есептеу негіздері, жобалау негіздері
НП	ЖООК	Теориялық механика	120	4	2	ОН4	Ғылыми инженерлік ойлауды қалыптастыру. Механикалық жүйелердің мінез-құлқын сипаттайтын теңдеулер құруға мүмкіндік беретін негізгі ұғымдармен, заңдармен және теоремалармен таныстыру, белгілі бір құбылысты математикалық түрде жаза білу, кәсіби цикл пәндерін зерттеу кезінде механикалық жүйелердің қозғалысы мен тепе-теңдігін зерттеуде механиканың негізгі әдістерін қолдану.	Инженерлік математика, Қолданбалы физика	Механизмдер мен машиналар теориясы, Машина бөлшектері және құрылыс негіздері
НП	ЖООК	Көлік машиналарының жасаудағы құрылымдық материалдар	120	4	1	ОН5 ОН6	Металдар мен металл емес материалдардың құрылымын, қасиеттерін және таңбалануын, оларды қолдану әдістері мен материалдарды заманауи тәсілдермен өңдеу принциптерін, құрылымдық және шикізат материалдарының жіктелуін, материалдарды сынау әдістерін, көлік техникасының пайдалану сенімділігі мен беріктігін оқытады. Пән аясында оқытудың интерактивті әдістері мен есептеу-графикалық әдісі қолданылады.	Химия бойынша негізгі мектеп білімі	Механизмдер мен машиналар теориясы, Механизмдердің есептеу негіздері, Машина бөлшектері және құрылыс негіздері
НП	ЖООК	Электротехника және электроника негіздері	180	6	3	ОН4 ОН5	Пән тұрақты, ауыспалы және үш фазалы токтардың электр тізбектерін, трансформатор мен электр машиналарының жұмыс принципі мен мақсатын, электр шамаларын өлшеу әдістерін, жартылай өткізгіш аспаптар мен схемаларды қолданудың жалпы ережелерін қарастырады. Оқыту әдістері - нақты ситуациялық тапсырмаларды талдау, топтық пікірталастар.	Қолданбалы физика	Көлік техникасының энергетикалық қондырғылары,

									Электромобильді басқарудың электрондық жабдықтары, навигация және автопилотинг жүйелері
НП	ЖООК	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік	150	5	8	ОН3	Қауіпсіз еңбек және өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру. Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері, кәсіптік тәуекелдерді бағалау және басқару әдістері, жеке және ұжымдық қорғау құралдары, төтенше жағдайлардың алдын алу, сондай-ақ жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу шаралары зерделенеді. Қауіпсіз өндірістік ортаны құруға, еңбекті қорғау нормалары мен талаптарын сақтауға, сондай-ақ кәсіби қызметте қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударылады.	Экология және ӨТҚ	Авто көлік кәсіпорындарын технологиялық жобалау, Техникалық қызмет көрсету станциясының технологиялық дизайны
НП	ЖООК	Машина бөлшектері және құрастыру негіздері	150	5	4	ОН4 ОН8	Пәнде механикалық берілістер, қосылыстар, біліктер мен осьтер, мойынтіректер мен муфталар, машина жетектері кіретін жалпы мақсаттағы машиналардың бөлшектері мен тораптарын есептеу және құрастырудың теориялық негіздері, тораптарды жобалау кезінде стандарттар мен кәсіби нормативтер, құрылымдық материалдар мен машина бөлшектерін жасау технологияларының ерекшеліктері мен сипаттамалары қарастырылады. Пән шеңберінде оқытудың интерактивті әдістері, ашық және жабық тестілер қолданылады.	Инженерлік математика, Қолданбалы физика Теориялық механика, Машиналар мен механизмдер теориясы	Автокөлік пайдалану материалдары, Гибридті автомобильдің Автокөлік пайдалану материалдары
НП	ЖООК	Инженерлік графика және компьютерлік модельдеу	120	4	1	ОН4	Техникалық сызу мен инженерлік графика принциптері, сондай-ақ арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып заманауи 3D-модельдеу әдістері оқытылып, техникалық нысандарды жобалау және визуализациялау, цифрлық модельдер мен сызбалар жасау, құрылымдарды модельдеу және олардың	Информатика пәні бойынша негізгі мектеп білімі	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар,

							параметрлерін талдау бойынша инженерлік міндеттерді шешуге бағытталған кешенді дағдылар қалыптастырылады.		Оқу практика
НП	ЖООК	Python бағдарламалау негіздері	90	3	2	ОН4 ОН5	Курс Python тілінің синтаксисі мен семантикасын, бағдарламаларды алгоритмдеу мен жобалауды, бағдарламаларды құрылымдауды және жасанды интеллектпен байланысты есептерді шешуді үйренеді, Машиналық оқыту, деректерді өңдеу және интеллектуалды жүйелерді әзірлеу әдістерін меңгереді, сондай-ақ жасанды интеллектті бағдарламалау мен негіздерде кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыра отырып, әртүрлі салаларда АИ қолдануды талдайды	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Көліктегі IT-технологиялар
НП	ЖООК	Кәсіби бағытталған шет тілі	90	3	6	ОН1 ОН10	Кәсіби қызмет үшін қажетті шет тіліндегі кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту, жазбаша және ауызша ақпарат алмасуды жүзеге асыру үшін кәсіби шет тілін меңгеру, өз мамандығы бойынша кәсіби әдебиеттерді шет тілінде оқу және түсіну дағдыларын дамыту, кәсіби және іскерлік қарым-қатынас жағдайында өз ойын ауызша және жазбаша түрде білдіру қабілетін дамыту.	Шет тілі	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жасанды интеллект негіздері
НП	ЖООК	Оқу тәжірибесі	60	2	3	ОН3, ОН5, ОН7, ОН8	Оқу тәжірибесін ұйымдастыру бакалаврлардың негізгі бағыттармен, нысандармен, кәсіби қызмет салаларымен және оқу бейіндерімен танысуына, теориялық материалды бекітуіне, сондай-ақ осы білім беру бағдарламасы бойынша кафедра филиалына баруына бағытталған. Бақылау түрі – есепті қорғау.		Өндірістік тәжірибе
ПП	ЖООК	Сертификация и лицензирование на автотранспорте	150	5	5	ОН6 ОН7	Пән көлік құралдары мен кәсіпорындарды пайдалануға жіберудің құқықтық, техникалық және ұйымдастырушылық негіздерін, тасымалдауды лицензиялау және автотехниканы сертифициаттау ережелерін зерделейді.	Көлік құралдары	Автомобиль конструкцияларын есептеу негіздері Электромобильді басқарудың электрондық жабдықтары, навигация және автопилотинг жүйелері

ПП	ЖООК	Көлік құралдарының қауіпсіздігі	150	5	6	ОН7	Пән қозғалыс қауіпсіздігін, апаттылықты азайтуды және жолаушылар мен жүргізушілерді қорғауды қамтамасыз ететін сындарлы, пайдалану және ұйымдастыру шараларын зерделеуге бағытталған.	Автомобиль конструкцияларының негіздері	Көлік техникасын техникалық пайдалану негіздері, Көлік техникасын техникалық пайдалану
ПП	ЖООК	Көлік техникасының энергетикалық қондырғылары	150	5	5	ОН2 ОН7 ОН8	Энергетикалық қондырғылардың әртүрлі түрлерінің, олардың жүйелерінде жүретін процестердің мақсаты, құрылымы және жұмыс принципі туралы білімді қалыптастыру. Тиімді пайдалану дағдыларын, олардың негізгі техникалық-экономикалық, энергетикалық және экологиялық көрсеткіштерін жақсарту жолдарын игеру. Энергетикалық қондырғылардың сенімділігі, үнемділігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарын ескере отырып, оларды есептеу және эксперименттік зерттеу әдістері қарастырылады.	Көлік құралдары	Автомобиль конструкцияларын есептеу негіздері Электромобильді басқарудың электрондық жабдықтары, навигация және автопилотинг жүйелері
ПП	ЖООК	Автомобильдерді өндіру және жөндеу технологиясының негіздері	150	5	5	ОН6 ОН7	Пән дайындамаларды механикалық өңдеудің технологиялық процестерін жобалау негіздерін, дайындамаларды алу әдістерін, бастапқы дайындамалардың операциялық өлшемдері мен өлшемдерін есептеуді, операцияларды техникалық нормалау мен әзірлеу, дайындамаларды негіздеу мәселелерін, технологиялық процестерді әзірлеу кезінде есептеу принциптері мен дәлдікті қамтамасыз ету жолдарын, сондай-ақ машиналардың сапасын қамтамасыз ету жолдарын, еңбек өнімділігін арттыру әдістерін және өнімнің өзіндік құнын төмендету жолдарын зерттейді. Сондай-ақ кәсіпорында техникалық бақылауды ұйымдастыру мәселелерін, өндірістің техникалық және технологиялық дайындығының ерекшеліктерін зерттейді. Пән аясында оқытудың интерактивті әдістері қолданылады.	Теориялық механика, Машиналар мен механизмдердің бөлшектері	Автомобиль конструкцияларын есептеу негіздері Электромобильді басқарудың электрондық жабдықтары, навигация және автопилотинг жүйелері
			150	5	6		Өндірістік практиканың негізгі міндеттері: тандалған		

ПП	ЖООК	Өндірістік тәжірибе 1					білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды өндірістік жағдайда бекіту, ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесін алу, жұмысшы мамандығын игеру, бакалаврлық бағдарламаны меңгеру барысында практикалық дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. Ол осы білім беру бағдарламасына сәйкес кәсіпорындардағы практика базаларында өткізіледі. Бақылау түрі – есепті қорғау.	Оқу тәжірибесі	Өндірістік тәжірибе 2
ПП	ЖООК	Өндірістік тәжірибе 2 / Дипломалды тәжірибе	150	5	9		Бакалаврлар үшін практиканың мақсаты – таңдалған білім беру бағдарламасын меңгеру барысында алынған теориялық білім мен тәжірибелік қызмет арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету. Осы практиканың міндеттері – студенттердің оқу процесінде алған теориялық білімдерін бекіту және тереңдету, бітіру біліктілік жұмысын жазуға қажетті ақпарат жинау, кәсіпорындағы озық тәжірибені зерделеу, сондай-ақ дербес ғылыми-зерттеу жұмысын орындау тәжірибесін алу, ғылыми жұмыстың түрлі әдістерін меңгеру болып табылады. Практика осы білім беру бағдарламасына сәйкес кәсіпорындардағы практика базаларында өткізіледі. Бақылау түрі – есепті қорғау.	Оқу тәжірибес, Өндірістік тәжірибе	
Қорытынды			2430	81					